"Бизнес және басқару" мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес балдармен GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 05.11.2021 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

КТ, түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

**2-параграф. Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу**

16. Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген тұлғалар қабылданады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1-1- қосымшаға сәйкес Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ЖЖОКБҰ басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ЖЖОКБҰ докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.**

17-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 -бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.**

17-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

**Ескерту. Қағида 17-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.**

18. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау ЖЖОКБҰ-да жүргізіледі.

19. Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Français International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue française) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du français), шекті балл кемінде – 50;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 05.11.2021 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын 5-қосымшаға сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы 5-қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Түсу емтихандарының өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

"Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын 5-қосымшаға сәйкес докторантураның білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыратын ЖЖОКБҰ дербес өткізеді. Бұл ретте, түсуші "Денсаулық сақтау" білім беру саласындағы докторантураның білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтиханын түсетін ЖЖОКБҰ-да ғана тапсырады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20-1. Компьютерлік форматта докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

- 1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;
- 2) эссе жазудан;
- 3) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден (бұдан әрі-ОДТ);
- 4) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

9-қосымшаға сәйкес қорытынды баға эссені бағалау, ОДТ, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен әңгімелесу нәтижелеріні қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат 20 минут (260 минут) беріледі, оның ішінде:

- әңгімелесуге – 20 минут;
- ОДТ-ға – 50 минут;
- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектерге "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Компьютерлік форматтағы түсу емтиханын бастау үшін түсушіге:

- 1) логин көрсету;
- 2) паролін көрсету;
- 3) адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;
- 4) докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу қағидаларымен танысу;

5) түсу емтиханы туралы деректердің дұрыстығын растау;

6) "Кіру" батырмасын басқаннан кейін түсу емтиханын тапсыруға кірісу қажет.

Түсу емтиханы аяқталған соң түсушінің эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімдері бойынша жауаптары өзі таңдаған ЖЖКОБҰ-ға өңдеу және бағалау үшін жіберіледі. Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімі бойынша түсушінің жауаптарын ҰТО өңдейді.

Компьютерлік форматтағы түсу емтиханының нәтижесі түсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша түсушіге ҰТО-ның сайтында жарияланатын және түсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады.

4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

**Ескерту. Қағида 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

20-2. ЖЖОКБҰ алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және ЖЖОКБҰ-ның ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

**Ескерту. Қағида 20-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20-3. Компьютерлік форматтағы түсу емтиханының өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган айқындаған ұйымдарға түсу емтихандарының әкімшілері және білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар қызметкерлерінің, азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатарынан бақылаушылар жіберіледі. Түсу емтихандарының әкімшілері аудитория мен дәліз бойынша кезекші қызметін атқарады.

Түсушілер компьютерлік форматтағы түсу емтиханына бір-бірден кіргізіледі және жеке басын куәландыратын құжаты немесе төлқұжаты негізінде түсушілердің жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі.

Компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады.

Компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде тыйым салынған заттар (деректермен қамтылған шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) табылған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында тыйым салынған заттарды табылғаны туралы акт жасайды және түсуші ағымдағы жылы түсу емтиханына жіберілмейді.

Түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды, түсуші осы түсу емтиханына кіргізілмейді.

Өз орнына "бөтен тұлғаны" кіргізуге талпынған түсушілерге ағымдағы жылы докторантураға түсу емтиханына кіруге рұқсат етілмейді.

**Ескерту. Қағида 20-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

20-4. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында түсушіге:

1) аудиториядан дәліз кезекшісінің функциясын атқаратын түсу емтиханы әкімшісінің рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;

2) аудиториядан 2 рет және ұзақтығы 10 минуттан артық шығуға;

3) сөйлесуге, орын ауыстыруға;

4) құжаттармен және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы парағымен алмасуға;

5) құжаттарды және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы парақты аудиториядан шығаруға;

6) аудиторияға деректермен қамтылған шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плейерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт сағаттарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ мынадай стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

7) түсу емтиханына пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

8) түсу емтиханы басталар алдында немесе түсу емтиханы кезінде шулауға;

9) тестілеу тапсырмалары мен емтихан сұрақтарының мазмұнын талқылауға және жария етуге;

10) түсу емтиханының жүйесіне араласу әрекетіне және түсу емтиханын өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

Бұл ретте түсу емтиханы өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі.

Түсу емтиханында осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар түсушіден табылған кезде, сондай-ақ, түсуші осы тармақты бұзған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) әрекеттері немесе түсу емтиханы жүйесіне араласу әрекеті және түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды. Түсуші аудиториядан шығарылады. Түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады.

Түсу емтиханын өткізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда, түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы барысында бөгде адамның анықталғаны туралы акт жасайды.

Бөгде адам аудиториядан шығарылады. Түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады.



Түсу емтиханы барысында өз орнына "бөгде адамды" кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы докторантураға түсу емтиханын тапсыруға рұқсат етілмейді.

Түсу емтиханы кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші түсу емтиханының әкімшісіне хабарлау қажет. Түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Түсу емтиханы кезінде техниканың техникалық ақаудың анықталғаны туралы акті жасайды.

Түсу емтиханын өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе түсу емтиханының жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, Ұлттық тестілеу орталығының келісі түсу емтиханының әкімшісі мен өңірлік мемлекеттік комиссия осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Түсу емтиханы процесін тоқтату және басқа күнге ауыстыру туралы акт жасай отырып, түсу емтиханы процесін тоқтатады (күшін жояды) және басқа күнге ауыстырады.

Түсу емтиханы процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт түсу емтиханы әкімшісі және өңірлік мемлекеттік комиссиямен бірлесіп жасалады.

Электр қуаты ажыратылған жағдайда, түсушінің жұмыс орнында түсу емтиханының процесі туралы деректер (тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтарына бұрын белгіленген жауаптар, түсу емтиханының пайдаланылған уақытының саны) сақталады.

Түсу емтиханын одан әрі жалғастырған кезде түсуші түсу емтиханы процесі тоқтатылған жерден бастап түсу емтиханы процесін жалғастырады.

Түсу емтиханын басқа күнге ауыстырған жағдайда түсушінің түсу емтиханы тоқтатылғанға дейін тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтарына бұрын белгіленген жауаптары сақталмайды.

**Ескерту. Қағида 20-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

20-5. Күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз аралығында өткізілген докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы аяқталғаннан кейін, 3 (үш) ай бойы ҰТО түсу емтиханы кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады

Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы аяқталғаннан кейін, 3 (үш) ай бойы ҰТО түсу емтиханы кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады

Түсу емтиханында және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша түсушілердің осы Қағидалардың 20-3 және 20-4-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған

жағдайда ҰТО Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) әрекеттері немесе түсу емтиханы жүйесіне араласу әрекеті және түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды және растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Аудиторияда өткізу қағидаларын бұзған және немесе түсу емтиханының бағдарламасына араласуға әрекет жасаған және түсу емтиханынан өту кезінде өзге де бұзушылықтар жасаған оқуға түсушіні тыйым салынған заттарды жою және аудиториядан шығару актісі растайтын материалдар білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссияның қарауына ұсынылады.

Комиссияның шешімімен түсу емтихандарының сертификаттары білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

Түсу емтиханының сертификаты жойылғаннан кейін ЖЖОКБҰ түсушіге хабарлама жібереді.

**Ескерту. Қағида 20-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

20-6. Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді ЖЖОКБҰ "Эссе жазу", "ОДТ" және "Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар" блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

**Ескерту. Қағида 20-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – ЖЖОКБҰ-да білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

22. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ЖЖОКБҰ профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе

кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ЖЖОКБҰ қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып ЖЖОКБҰ басшысының бұйрығымен бекітіледі және білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиялары тексереді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-параграф. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы**

23. ЖЖОКБҰ-лар және ғылыми ұйымдар түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін ҚР БҒМ және ҚР ДСМ-ге докторантура, магистратура, резидентура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

24. Түсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ЖЖОКБҰ және ғылыми ұйымдарда апелляциялық комиссиялар құрылады. ЖЖОКБҰ-дағы апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР БҒМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.**

25. Апелляциялық комиссия резидентураға, докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.**

26. Докторантураға, резидентураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер докторантураға түсу емтихандары, шығармашылық емтихандар және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

Апелляцияға кіру барысында осы Қағидаларға 20-3 және 20-4-тармақтарда көрсетілген тыйым салынған заттарды қолдануға рұқсат берілмейді.

Докторантураға түсуші тұлғалардан докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себеп бойынша апелляцияны Республикалық апелляциялық комиссия қарастырады.

Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті түсуші түсу емтиханы өткізу барысында береді.

Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті ( мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қабылданады.

Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы нәтижесі бойынша апелляцияға 40 минут беріледі, оның ішінде:

докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімі бойынша – 10 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазу бөлімі бойынша – 30 минут.

Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция мынадай жағдайларда каралады:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

2) дұрыс жауап жоқ;

3) барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында бір бірден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

4) тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған.

Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде түсуші дәлелді негіздемені (толық түсініктеме) көрсетеді.

Барлық тест тапсырмаларын қайта қарастыру бойынша апелляцияға арналған өтініште әрбір тест тапсырмасы бойынша дәлелді негіздемені көрсетпей (толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі) берілсе, қарастыруға жатпайды.

Эссе жазудан, білім беру бағдарламасы тобының бейіні және әңгімелесу бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар нәтижесі бойынша апелляцияны ЖЖОКБҰ-ның апелляциялық комиссиясы өткізеді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

29. Түсу емтихандарын және КТ өткізу кезінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында КТ өткізу пункттеріне және ЖЖОКБҰ-ларға ҚР БҒМ өкілдері жіберіледі.

**4-параграф. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау**

30. Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс

жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 7-1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Үлгілік қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл саны 35 балды құрауы тиіс.

Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау араб тілі бойынша түсу емтихандарының және КТ нәтижелері бойынша 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Магистратураға түсушілер ЖЖОКБҰ белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Тұлғаларды резидентураға қабылдау білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 05.11.2021 № 554 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) Ғылыми-педагогикалық магистратура үшін, оның ішінде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары, араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары топтары үшін 7-қосымшаға сәйкес – кемінде 75 балл;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін 7-1-қосымшаға сәйкес – кемінде 50 балл;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін 8-қосымшаға сәйкес – кемінде 50 балл;

4) резидентура үшін – кемінде 75 балл.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 09.08.2021 № 388 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 5 қыркүйекке дейін қайтарылады.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. ЖЖОКБҰ мен ғылыми ұйымдар білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

### **3-тарау. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау**

35. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін:

- 1) өтініш (еркін нысанда);
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) КТ сертификатын және осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары тобы бойынша (шығармашылық) емтихан тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда) ( магистратура үшін);
- 4) түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резидентура үшін );
- 5) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат және білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);
- 6) еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);
- 7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 8) алдын ала іріктеу нәтижелерін ("Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша докторантура үшін) тапсырады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша түсу (шығармашылық) емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.



білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру ұйымдарына оқуға  
қабылдаудың үлгілік  
қағидаларына  
1-қосымша

## Шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237 бұйрығымен.

Білім бағдарламалар тобының коды	Білім бағдарламалар тобы	1-пән	2-пән
M022	Музыкатану	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M023	Аспаптық орындау	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M024	Вокалдық өнер	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M025	Дәстүрлі музыкалық өнер	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M026	Композиция	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M027	Дирижирлеу	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M028	Режиссура	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M029	Театр өнері	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M030	Эстрада өнері	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M031	Хореография	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M032	Аудиовизуалды құралдар және медиа өндіріс	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M033	Бейнелеу өнері	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M034	Өнертану	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M035	Сән, дизайн	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M036	Полиграфия	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау
M037	Арт-менеджмент	Шығармашылық емтихан	Рефератты қорғау

Жоғары оқу орнынан  
кейінгі білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асыратын  
